

Самат ӨТЕНИЯЗОВ, Мадрид және Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеттері профессоры, т.ғ.к.

Ардақты Аман аға.

Біз аман ағамен сонау тоқсаныншы жылдар басында танысқанбыз. Сол айтылған жылдары Алматыдағы ағайындар саны онша көп емес еді. Бір күні үйге бір ағамыз телефон соқты. Өзін таныстырып:

Мен Аман Артықов деген ағаң боламын. Тараз қаласынан (Ол кезде Әлі Жамбыл аталатын) келдім, қызметім Темір жол ауруханасында, медикпін деді.

Одан ары қарай жөн сұрастық. Біздің үйдің телефонын профессор Ғұбайдулла Айдаровтан алыпты. Аман аға Қазақстандағы белгілі медиктің бірі екен. Туған жері Ақтөбе облысы Рудниковка деген елді мекен екен. Баяғы 1931 жылдың сұрапыл күндері біздің әкелеріміз сол облыстан оңтүстікке қарай көшіп бас сауғалағанда Аман ағаның әкелері солтүстікке қарай көшіпті де кейінірек Рудниковкада тұрақтапты...

Аман аға Ақтөбе қаласындағы Медицина институтін бітіргенде оны Жамбыл облысына жіберіпті. Содан Байқадам ауданында, кейінірек Тараз қаласында бас дәрігер болып көп жылдар жемісті қызмет етіпті. Алматыда балалары тұратындықтан көшіп келіп жатыр екен... Қазіргі қызметі Алматы Темір жол ауруханасы екен. Осылай телефонмен ұзақ сөйлесіп жөн білістік, ағайын болған соң қуанышпен жақсы таныстық...

Менің айтқаным сол Темір жол институтінде Екінші бөлім (Второй отдел) бастығы Балтабай Тасболатов деген менің жақын ағам бар дедім. Аман аға ол кісіні көріп жүрген екен, алайда ағайын екенін білмеген екен, осы хабарға қатты қуанды...

1997 жылы Самал шағын ауданында Сырым Мамаевтың үйінде ағайындардың кездесуі болды. Оны ұйымдастырған Жетісайдан келген Абдулла деген ағайын жігіт болатын. Сол отырыста Әнес аға мен Алтыншаш жеңгей, Қабиболла Сыдиықұлы және басқа көптеген ағайындар қатысты. Келесі күні дәл осындай отырыс Қабиболла ағаның үйінде болды... Міне осы отырыстарда ағайындар алғаш рет Аман ағаны көріп танысты...

Сол күндерден бастап Аман ағамен арамыз ашылған жоқ, барлық уақытта қатынаста болдық. Ағайындардың саны күннен күнге өсе бастады. Әрине ағайын көбейген соң той мереке одан бетер көбейді. Аман ағаның ағайындармен араласқан кезі Махамбет ағаның дүние салған кезі (болатын. Сондықтан ағайындардың жас үлкені яғни ақсақалы Аман аға болды. Ол ағайындарға сыйлы болды, келіндерінің ыстық ықыласын көп көрді... Той бастау, бата беру, ас қайыру сияқты дастарқан басындағы дәстүрдің иесі мен құрметі Аман ағаның мойнында болды... Қаншама құдалықтар атқарылды...

Аман аға жаны жайдары, ақжарқын ақ көңілді жігіттің төресі еді. Мінезі бала сияқты ақ көңілділігі соншалық, әлдекімнің жалған айтқанына да сене беретін. Сол ақ көңіл ақжарқын күйінде дүниеге келіп дүниеден өтті...

Ел болған соң, ағайын көбейген соң елдің ауру сырқауы да қай заманда да көп болады. Ағайындар осындай төтенше жағдайда Әрине Аман ағаға жүгірді. Бұрын мұндай жағдаймен ағайындар Алик Өтеумағамбетовке жүгіретін еді. Ол көп жылдар бойы кіршіксіз қызмет етіп талайдың жанын алып қалды және талай ағайынға жүрегіне операция жасаған болатын... Аман ағай да сол сияқты азаматшылық жасап ағайындарды емдеуге, ауруханаларға орналастыруға ж.б. көптеген жәрдем көрсетті...

Біз Аман ағаның жүретін ешқашан ашуланғанын көрмеппіз... Әрқашан жымыып, күлімсіреп... Оны танитын адамдар ерекше құрметтейтін. Осындай аса қадірлі сыйлы ардақты қамқоршы ағамыздың арамыздан кеткеніне де бір жыл болып қалыпты. Уақыт деген осы ғой, зымырап өте береді... Орны толмас ардақты ағамызды, жарқын бейнесі ешуақытта естен кетпейді. Оның өкімет пен халық алдында қыруар еңбек сіңіргені марапатталған ордендері мен медалдары куә болып қалды. Өмір бойы еңбек озаты болған Аман ағаның шәкірттері де көп екен...

Аман ағаның жемісті еңбек жолы, абыройы мен беделі ұрпақтарына берсін деп тілейміз...